№21
(7758)

28 мамыр,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

# Ойыл

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

# ТҮЛЕКТЕР МЕН ТІЛЕКТЕРДІ ТОҒЫСТЫРҒАН ҚОҢЫРАУ

**ӨТКЕН СЕНБІДЕ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІНДЕ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ. БИЫЛҒЫ ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СОҢҒЫ КҮМІС ҚОҢЫРАУЫ Ш.БЕКМҰХАМБЕТОВА АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП ГИМНАЗИЯСЫНДА ДА СЫҢҒЫРЛАДЫ. ЖЫЛ САЙЫН ТАРЫДАЙ БОЛЫП КІРГЕН ШӘКІРТТЕРІН ТАУДАЙ ЕТІП ШЫҒАРЫП САЛАТЫН АЛТЫН ҰЯ БИЫЛ ДА ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ТҮЛЕКТЕРІН ҰШЫРДЫ. СОНЫМЕН БІРГЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІР ЖЫЛ БОЙҒЫ БІЛІМ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІ САРАПҚА САЛЫНЫП, МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІ, ОҚУ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ ҚОРЫТЫЛАНДЫ.**



Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясының директоры Роза Сәуірбайқызы мектептің үздік ұстаздары мен үздік оқушыларын марапаттаса, аудан әкімі Дастан Жарылқасынұлы барша мектеп бітіруші түлектерге сәт сапар тілеп, жоғары оқу орындарында үздік оқып, ауданның абыройлы азаматы болуға және елге адал қызмет етуге шақырды. Сонымен бірге айтулы мектептің соңғы қоңырау салтанатына арнайы қатысқан Ойыл аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Марал Еркінова тіл мамандарына арнайы алғысын білдірсе, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин де бірқатар мектеп қызметкерлеріне алғыс хаттарын табыстады. Оған қоса аудандық білім бөлімі мен облыстық білім басқармасы білім саласына шексіз үлес қосқан ұстаздарды арнайы марапаттан тыс қалдырмады. Әрі қарай жалғасақ, «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» атындағы орталық саябақта өткен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясының соңғы қоңырау салтанатты шарасы түлектердің 11 жыл білім нәрімен сусындатқан ұстаздарына тартуымен жалғасты. Бірі алғаш ұстаздарына гүл шоқтарын ұсынса, бірі өлең жолдарын арнады. Алтын ұя мектебімен қимастықпен қоштасқан түлектер ата-аналар мен ұстаздарының зор сенімін ақтауға серт етті. Айта кетсек, айтулы білім ошағының бір жылғы қорытындысы бойынша Н.Жұмабекова «Үздік класс жетекші», Айзат Едігеева «Үздік оқушы», Лаура Ембергенқызы «Лучшие ученик», Е.Сырлыбаев «Үздік жас маман», А.Сайлауова «Үздік цикл жетекшісі», Е.Д.Браташова «Самый классный классный», Т.Жанпейсова «Үздік мұғалім» атанды.

**М.ӘДІЛБАЙҰЛЫ.**





Биыл Саралжындағы Ә.Дербісалин атындағы мектептегі соңғы қоңырау әдеттегі жылдан өзгеше өтті. Әсіресе, осыдан 50, 40 жыл бұрын осы мектепті бітірген түлектердің туған топырақта тоғысуы еді. Туған өлкелеріне келмегендеріне алды ширек ғасырдан асқан, берісі Ақтөбе, Атырау, әрісі Астанадан ат арытып келген түлектер ауылдағы жақсылықтарға сүйсініп, қуаныштарға ортақтасып жатты...

Мектептің алдындағы аланды жағалай тұрған оқуышылар мен ата-аналардың қақ ортасына биылғы түлектер мен осыдан 50, 40 жыл бұрын осы мектепті бітірген аға-апаларымыз шыққанда соғылған шапалақтан құлақ тұнды.

Ту енгізіліп, әнұран ойналып, салтанатты сәттің дәстүрлі шаралары өткізілген соң мектеп директоры Марат Тәжіғалиев жұршылықты оқу жылының аяқталуымен құттықтап, үздіктердің үлесіне тиесілі мақтау қағаздарын тапсырды. Ал, осы мектепті 50 жыл бұрын бітірген түлектердің атынан сөз алған Жұмабай Орынбасаров жерлестерін мерекемен құттықтап, мектеп басшысына өз сыйлықтарын тапсырса, 40 жыл бұрын қияға қанат сермеген класстастарының атынан мінбеге шыққан Ақтөбе облыстық қысқы спорт түрлері жөніндегі балалар мен жасөспірімдер мектебінің директоры Тұрғанбай Аймағамбетов пен Ақтөбе қалалық №4 емхананың меңгерушісі Нұрсәуле Ықсанова өз лебіздерін туған жерге деген перзенттік парызбен ұштастырып, өлең жолдарымен жеткізді. 1979 жылы мектепті бітірген 48 түлектің отызға жуығы туған топыраққа келіп, алтын ұяларына өз тартуларын ұсынды. Яғни, мектептегі қыз балаларға арналған технология кабинетін толық жасақтап беріпті.



Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Сәндігүл Өткелбаева ауданның өткен оқу жылындағы жетістіктеріне тоқталып, бірқатар ұстаздарға алғыс хаттарын табыстап, салтанатқа жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтады. Ал, соңғы қоңырауды 50, 40 жыл бұрын осы мектепті бітірген түлектерден Кеңесбай Жұмағалиев пен Нұрзия Кенжебекова және мектептің биылғы түлегі Қуаныш Мұратов пен 1 класс оқушысы Тоқжан Мерекеқызы кезекпен соқты.

P.S. Мерекелік шаралардан соң, мектепті 40 жыл бұрын бітірген түлектер мектеп ауласына 40 түп ағаш отырғызып, ауылдағы әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

## МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӨЗ МЕРЕКЕЛЕРІН АЙРЫҚША АТАП ӨТТІ

**КҮНТІЗБЕДЕ ҚЫЗЫЛМЕН БЕЛГІЛЕНБЕСЕ ДЕ, СОҢҒЫ КЕЗДЕ ПАЙДА БОЛҒАН МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БІРІ – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ. БҰЛ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АДАМДАРЫНА ДЕГЕН АЙРЫҚША ҚҰРМЕТТІҢ КӨРІНІСІ.**




Ойылдағы барлық шараның басы-қасында жүретін аудандағы мәдениет қызметкерлері кеше өз мерекелерін ерекше атап өтті. Ерекше дейтініміз сол - биыл әдеттегі дәстүрден аттап, мерекелерін алдымен өз қызметкерлері арасында футбол мен волейболдан турнирмен бастады. Тұңғыш Президент Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында: «Мәдениет саласындағы жұмыс жаңа сапаға ие болуы тиіс. Өйткені, мәдениет қазіргі заманғы адамды қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін әлеуметтік жаңғыртудың елеулі жиынтығы болып табылады» — деп көрсеткен болатын. Сондықтан, мерекені салауатты өмірмен ұштастырды. Аудандағы мәдениет саласының қызметкерлері айналасын думанға бөлей білетін сан қырлы талант иесі және жан дүниесі бай, нағыз өз ісінің майталманы ғана емес, спортты да серік еткен салауатты жандар екенін дәлелдеді. Ал, түстен кейін мереке салтанатты шарамен жалғасты.



«Өнер – ұлттың жаны», - дейтін халық даналығына сүйенсек, кез-келген ел өнерімен, мәдениетімен танылып, бағаланатыны анық. Ал, өнер адамдары елдің рухын көтеріп, адамзат баласына шексіз қуаныш сыйлап қана қоймай, халқымыздың мәдени талғамы мен танымын қалыптастырып келеді. Аудан басшысы Дастан Жарылқасынұлы өз тілегін ауданның абыройы үшін уақытпен санаспай жүретін жандарға арнап, бірнеше қызметкерге алғыс хатын тапсырып, биыл әртүрлі мерейлі жасқа толып жатқан адамдарды да мереке күні құттықтады. Сый-сияпатын ұсынды. Сонымен қатар, облыстық «Мәңгілік елдің – мәдени мұрасы» халық шығармашылығы фестиваліне аудан өнерпаздарының қатынасуын жоғары дәрежеде ұйымдастырғаны үшін облыс бойынша «Үздік мәдениет үйі» номинациясы мен 100000 теңгенің сертификатын Ойыл аудандық мәдениет үйінің директорына табыстады. Сондай-ақ, түске дейін өткен мерекелік турнирдің жеңімпаздары да осы бір мерейлі сәтте жеңіп алған жүлделерін аудан әкімінің қолынан алды.

«Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің» басшысы Шамшырақ Жоламанова облыстық «Мәңгілік елдің – мәдени мұрасы» халық шығармашылығы фестивалінде жүлделі орындарға ие болған аудан өнерпаздарын марапаттаса, Мәдениет саласының ардагері, мәдениет қайраткері Амангелді Жұманов замандастары мен жас әріптестерін өздерінің төл мерекелерімен құттықтады. Мерекелік шара нағзы мерекелік концертке ұласты.

## ОЙЫЛ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ



Бүгін аудандық мәдениет үйінде аудандық мәслихаттаың депутаттары Ойыл селолық округінің әкімін сайлады. Алдымен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов таңдаушыларға дауыс беру тәртібін түсіндірді. Депутаттардың жиналған қажетті кворумына сәйкес, дауыс беру парақтарын комиссия мүшелеріне ұсынып, қалған дауыс беру парақтарын таңдаушылар алдында жойды. Содан кейін депутаттар өз таңдауларын жасады. Дауыс беру барысы аяқталған соң, комиссия мүшелері арнайы урнадағы дауыс беру парақтарын санап, комиссия төрағасы сайлаудың қорытындысын жариялады. Яғни, таңдаушылардың алты дауысына ие болған Сәндібек Дәулетқалиев Ойыл селолық округінің әкімі болып сайланды.

## Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы аудандық сайлау комиссиясының ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 36-1 бабының 11-тармағына сәйкес және 2019 жылғы 22 мамырда өткен Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округінің әкімін сайлаудың қорытындылары туралы аудандық сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде **Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ШЕШТІ:**

1. Даулеткалиев Сандыбек Токсанбаевич, «Нұр Отан» партиясы Ойыл аудандық филиалы есеп және статистика секторының меңгерушісі, Ойыл ауылының тұрғыны, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округінің әкімі болып тіркелсін.
2. Ойыл ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы аудандық сайлау комиссиясының шешімі Ойыл ауданы әкіміне және аудандық мәслихат хатшысына тапсырылсын.
3. Сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

**Комиссия төрағасы** **Б.Т.Бисекенов**
**Комиссия хатшысы** **Б.Бақтыгереев**

27 мамыр 2019 жыл

## Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының Ойыл ауылдық округінің әкімін сайлаудың қорытындысы туралы хабары 2019 жылғы 22 мамыр

| № | Ауылдық округтің атауы | Әкімдікке тіркелген барлық үміткерлер саны | Сайлау күніне дейін шығып қалған үміткерлер | Дауыс беру бюллетеніне енгізілген үміткерлер саны | Мәслихат таңдаушыларының жалпы саны | Сайлау бюллетенін алған таңдаушылар саны | | Дауыс беруге қатысқан таңдаушылар саны | Үміткерлердің тегі, аты-жөні | «жақтаған» дауыстардың саны | | Сайланған әкімнің тегі, аты-жөні | Партиялығы | Жарамсыз деп танылған бюллетендер саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Нақты саны | | | | Нақты саны | | | | |
| 1 | Ойыл ауылдық округі | 3 | 0 | 3 | 8 | 8 | 72,7 | 8 | Даулеткалиев Сандыбек Токсанбаевич | 6 | 72,7 | Даулеткалиев Сандыбек Токсанбаевич | «Нұр Отан» партиясы | 0 |
| | | | | | | | | | Казмуханов Молдашкали Жумагалиулы | 1 | 12,5 | | | |
| | | | | | | | | | Сейтжанов Али Сейтжанович | 1 | 12,5 | | | |

Сүйінші!

## АҚШАТАУДЫҢ АРУЫ – ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ!




Сүйінші ағайын! Ақшатаудың тағы бір қызы Ақтөбенің намысын қорғап, Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанды. Ұлболсын Елубаева - Ақшатау орта мектебінің 9 сынып оқушысы. Мамыр айының қақ ортасында Павлодар облысы, Баянауыл қаласында 2004-2006 жылы туған жасөспірімдер мен қыздар арасында өткен ҚР-ның чемпионатында белбеу күресінен облысымыздың намысын қорғаған ақшатаулық аруымыз ауданымыздың ғана емес, облысымыздың да абыройын асқақтатты. Күрес өнерімен небары 7 класынан бастап шұғылданған спортшымыз аз уақыттың ішінде ҚР-ның «Спорт шеберлігіне үміткер» көрсеткішін орындады. Сәтін салса, оның «Спорт шебері» атағын алуға да мүмкіндігі мол. Өйткені апта сайын болмаса да, ай сайын Ақшатаудан чемпиондар шығару жолында республикалық чемпионаттарда спортшыларын шыңдап жүрген Мінсізбай ағамыз ауыл балаларынан балуан шығарып, аудан спортын дамытуда аянып қалған емес. Боламын деген палуанның белін буып, бірде-бір жарыстан қалдырған емес. Оны біз бұрыннан да білетінбіз. Себебі, облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып, тұғырдан көрінген палуандарын алдымен редакцияға ертіп әкеледі. Бұл жолы да солай жасады. Біздің «Аға, алдымен айтыңызшы, Ақшатаудан тағы бір чемпион шығардыңыз ба?» - деген сауалымызға жай басын изеп, «Спорт залда төккен теріміз қайтты» деп жауап берді. Ісіне мығым, аса салмақты жаттықтырушының сабырлы кейпі аудандағы кейбір спортшысымақтарға үлгі боларлықтай. «Тегінде бар тек жатпас» демекші, Ұлболсынның атасы Елубай ақсақал жас уақытында палуан болған екен. Демек, Ұлболсынға күресу өнері атасынан келген қасиет болса керек. Біздің Ұлболсынды Республика деңгейінде жеткен жетістігімен және оның жоғары деңгейде, шебер күресуіне күндіз-түні дайындаған жаттықтырушысы Мінсізбай Жайлыбаевқа айтар алғысымыз шексіз.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

*Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 мамырда № 6174 болып тіркелді.*

## ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

20 мамыр 2019 жыл № 93 Ойыл селосы

**Ойыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 тамыздағы №165 «Ойыл ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 тамыздағы №165 «Ойыл ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4008 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулыға келесідей өзгерістер енгізілсін:

қаулының қазақ тіліндегі деректемелерінде «шешімі» сөзі «қаулы» сөзімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

қазақ тіліндегі қаулыға қосымшасының тақырыбы келесі жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«Ойыл ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар».

2. «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қазыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі Д. Сагиров**

**КЕЛІСІЛДІ:**
**Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы:**
**____________ Б.Бисекенов**
**« 13 » мамыр 2019 жыл**

*Зарегистрирован в Актюбинского областного Департамента юстиции 21 мая 2019 года за № 6174*

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

20 мая 2019 года № 93 село Уил

**О внесении изменений в постановление акимата Уилского района от 15 августа 2014 года № 165 «Об определении мест для размещения агитационных печатных материалов для всех кандидатов на территории Уилского района»**

В соответствии со статьей 28 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан», статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и статьей 50 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», акимат Уилского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Внести в постановление акимата Уилского района от 15 августа 2014 года №165 «Об определении мест для размещения агитационных печатных материалов для всех кандидатов на территории Уилского района» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №4008, опубликованное 8 сентября 2014 года в информационно-правовой системе нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет») следующие изменения:

в реквизиты решения на казахском языке внесено изменение, на русском языке не изменяется;

заголовок приложения к постановлению на казахском языке изложен в новой редакции, на русском языке не изменяется.

2. Государственному учреждению «Аппарат акима Уилского района» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего постановления в Департаменте юстиции Актюбинской области;

2) направление настоящего постановления на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде и в периодических печатных изданиях.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района А. Казыбаева.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Аким района Д. Сагиров**

**СОГЛАСОВАНО:**
**Председатель Уилской районной территориальной комиссии:**
**____________ Б.Бисекенов**
**«13 » мая 2019 год**

# ДАУ МҰРАТЫ - БІТУ

Медиация-жанжалдарды соттың қатысуынсыз, үшінші бейтарап жақ медиатордың көмегімен шешу формасы. Қазіргі таңда аудандық әр ауылдық округтерде кәсіби емес медиаторлар өз қызметтерін көрсетіп, азаматтарды мәмілеге келтіруде.

Қоғамда азаматтардың болмашы нәрсені сылтау етіп бір-бірімен араздасуы, дауласуы, оны өзара шешуге ешбір ниет етпей, бірден сотқа жүгінуі кездесіп жатады. «Бір күндік ұрыстың қырық күндік кесірі бар» - деген сөз бекер айтылмаған. Кез-келген ұсақ түйекті сылтау етіп, ренжісіп, қабақ шытысқан адамдардың, ара қатынасында алдағы уақытта салқындық болары анық. Осы аталған ұсақ-түйекке ренжісіп сотқа келген тараптар бір-бірінен кінә іздеп ренжісіп жатады, бұл әрекет дегеніміз адамдардың арасын алшақтата түсетін жайт екендігі баршамызға мәлім.

Осы аталған жайттарды болдырмау мақсатында, яғни тыныштық, татулық, келісімге келушілік бағытында Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласында айтылып, тапсырмалар берілді. Аудандық сотпен медиацияның қолданылуын кеңейту мақсатында, қарапайым халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, медиацияның қолданылуын кеңейту күнделікті жоспардан тыс қалған емес. Медиация жанжалға қатысушылардың эмоционалды күшін, ақшасын және уақытын үнемдеуге көмектеседі. Оны жүргізу кезінде процестің жағдайы, ұйымдастырылуы, ұзақтығы және мазмұны жеке анықталуы мүмкін. Медиация дауға кім кінәлі немесе жеңіске жету емес шешімнің құрылымдық іздестірілуіне бағдарланады. Медиация кезінде шешілген даулардың келісімдері берік болады. Бұл тетіктің ең басты ерекшелігі-медиация дау туындағаннан кейін тараптардың өзара қарым қатынасын сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқы дау-дамайды келісіммен шешіп отырған халық. Сондықтан біз отбасында өзімізді, ұл-қызымызды кешірімді болуға үйретуіміз керек.

**Ж.МАЙЖАНОВ,**
**Ойыл аудандық сотының аға сот приставы**

*Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 сәуірде № 6105 болып тіркелді*

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

**Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 250 «2019-2021 жылдарға арналған Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2-тармағына, 106, 109-1 баптарына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 250 «2019-2021 жылдарға арналған Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-11-159 номерімен тіркелген, 2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:
1) тармақшасында:
кірістер
«50 361» сандары «53 405» сандарымен ауыстырылсын;
трансферттер түсімі:
«48 527» сандары «51 571» сандарымен ауыстырылсын;
2) тармақшасында:
шығындар
«50 361» сандары «53 634,5» сандарымен ауыстырылсын;
5) тармақшасында: бюджет тапшылығы (профициті)
«0» саны «-229,5» сандарымен ауыстырылсын;
6) тармақшасында:
бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)
«0» саны «229,5» сандарымен ауыстырылсын.

2.Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: Е.Жиеналин**
**Аудандық мәслихат хатшысының м.а.: А.Мамбетова**

*Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 279 шешіміне қосымша*
*Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 250 шешіміне 1 қосымша*

### 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Кірістер | 53405 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1634 |
| | 01 | | Табыс салығы | 440 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 440 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1194 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 14 |
| | | 3 | Жерсалығы | 80 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1100 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 200 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 180 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 180 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 51571 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 51571 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 51571 |

| Функционалдық топ | Функционалдық кіші топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Шығындар | 53634,5 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 18484 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 18484 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 18484 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 17234 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1100 |
| | | | 107 | Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс шаралар өткізу | 150 |
| 04 | | | | Білім беру | 27076 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 27076 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 27076 |
| | | | 004 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 27076 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 5873,5 |
| | 3 | | | Елді-мекендердікөркейту | 5873,5 |
| | | 124 | | Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 5873,5 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 1500 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 380 |
| | | | 010 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 70 |
| | | | 011 | Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 3923,5 |
| 13 | | | | Басқалар | 2201 |
| | 9 | | | Басқалар | 2201 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2201 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 2201 |
| 15 | | | | Трансферттер | 0 |
| | 1 | | | Трансферттер | 0 |
| | | 124 | | Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 0 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредит беру | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы | -229,5 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 229,5 |
| 08 | | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 229,5 |
| | 01 | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 229,5 |
| | | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 229,5 |

*Зарегистрирован в Департаменте юстиции Актюбинской области 16 апреля 2019 года за № 6105*

## РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

**О внесении изменений в решение районного маслихата от 4 января 2019 года № 250 «Об утверждении бюджета сельского округа имени Ш.Берсиева на 2019-2021 годы»**

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 2 статьи 9-1 статьями 106, 109-1 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Уилский районный маслихат **РЕШИЛ**:

1. Внести в решение районного маслихата от 4 января 2019 года № 250 «Об утверждении бюджета сельского округа имени Ш.Берсиева на 2019-2021 годы» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3-11-159, опубликованное 22 января 2019 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующие изменения:

в пункте 1:
в подпункте 1):
доходы
цифры «50 361» заменить цифрами «53 405»;
поступления трансфертов:
цифры «48 527» заменить цифрами «51 571»;
в подпункте 2):
затраты
цифры «50 361» заменить цифрами «53 634,5»;
в подпункте 5):
дефицит бюджета (профицит)
цифры «0» заменить цифрами «-229,5»;
в подпункте 6):
финансирование дефицита бюджета (использования профицита)
цифры «0» заменить цифрами «229,5».

2. Приложение 1 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решенияв Департаменте юстиции Актюбинской области;

2) направление настоящего решения на официальное опубликование в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде.

4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

**Председател сессии районного маслихата: Е.Жиеналин**
**И.о. секретаря районного маслихата: А.Мамбетова**

*Приложение к решению районного маслихата от 8 апреля 2019 года № 279*
*Приложение 1 к решению районного маслихата от 4 января 2019 года № 250*

### БЮДЖЕТ СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ИМЕНИ Ш.БЕРСИЕВА НА 2019 ГОД

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | Сумма (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Доходы | 53405 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 1634 |
| | 01 | | Подоходный налог | 440 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 440 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 1194 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 14 |
| | | 3 | Земельный налог | 80 |
| | | 4 | Налог на транспортные средства | 1100 |
| 2 | | | Неналоговые поступления | 200 |
| | 01 | | Доходы от государственной собственности | 180 |
| | | 5 | Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности | 180 |
| | 06 | | Прочие неналоговые поступления | 20 |
| | | 1 | Прочие неналоговые поступления | 20 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 51571 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 51571 |
| | | 3 | Трансферты из районного (города областного значения) бюджета | 51571 |

| Функ. группа | Функ. подгруппа | Администратор | Программа | НАИМЕНОВАНИЕ | Сумма (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | II. Затраты | 53634,5 |
| 01 | | | | Государственные услуги общего характера | 18484 |
| | 1 | | | Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления | 18484 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 18484 |
| | | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 17234 |
| | | | 032 | Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций | 1100 |
| | | | 107 | Проведение мероприятий за счет резерва местного исполнительного органа на неотложные затраты | 150 |
| 04 | | | | Образование | 27076 |
| | 1 | | | Дошкольное воспитание и обучение | 27076 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 27076 |
| | | | 004 | Дошкольное воспитание и обучение и организация медицинского обслуживания в организациях дошкольного воспитания и обучения | 27076 |
| 07 | | | | Жилищно-коммунальное хозяйство | 5873,5 |
| | 3 | | | Благоустройство населенных пунктов | 5873,5 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 5873,5 |
| | | | 008 | Освещение улиц в населенных пунктах | 1500 |
| | | | 009 | Обеспечение санитарии населенных пунктов | 380 |
| | | | 010 | Содержание мест захоронений и погребение безродных | 70 |
| | | | 011 | Благоустройство и озеленение населенных пунктов | 3923,5 |
| 13 | | | | Прочие | 2201 |
| | 9 | | | Прочие | 2201 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 2201 |
| | | | 040 | Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов в реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы развития регионов до 2020 года | 2201 |
| 15 | | | | Трансферты | 0 |
| | 1 | | | Трансферты | 0 |
| | | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 0 |
| | | | | III. Чистое бюджетное кредитование | 0 |
| | | | | Бюджетные кредиты | 0 |
| | | | | IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами | 0 |
| | | | | Приобретение финансовых активов | 0 |
| | | | | V. Дефицит бюджета | - 229,5 |
| | | | | VI. Финансирование дефицита бюджета | 229,5 |
| 08 | | | | Используемые остатки бюджетных средств | 229,5 |
| | 01 | | | Остатки бюджетных средств | 229,5 |
| | | | 1 | Свободные остатки бюджетных средств | 229,5 |

Сессия

## ҚОС ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТТІ АТАҚ БЕРІЛМЕК

Өткен сәрсенбіде аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті отыз төртінші сессиясы өткен болатын. Күн тәртібінде бірнеше мәселе талқыланды. Толығырақ тарқатсақ, алдымен аудандық қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов 2018 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы бойынша жүргізілген бақылау қорытындылары туралы хабарлама жасады. Ондай кейін аудан әкімінің орынбасары Асқар Қазыбаев Ойыл ауданының «Құрметті азаматы» атағын жерлес, қос қаламгер, бірі журналист, бірі ақын ағамыз Жолдыбай Айтқұлов пен Идош Асқарға беру туралы ұсынысын жеткізді. Келесі ретте аудан әкімі аппаратының басшысы Ербол Тлепов күн тәртібінде бірнеше мәселе қозғай отырып, Ойыл ауданы бойынша терроризмге қарсы күрес жөніндегі, құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі, мемлекеттік рәміздер жөніндегі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссия құрамдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу керектігіне тоқталып өтсе, №2 Құрманов сайлау округінің депутаты Рая Оралбаева Амангелді, Екібаев, Ержанов көшелерін жарықтандыру, ғатты төсеніш төсеу жөнінде өзекті мәселе көтерсе, сессия соңында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы Марал Гильманов «Ақтөбе адалдық алаңы» жобалық кеңесінің атқарған жұмыстары мен жоспары туралы мәлімет берді.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.**

Тазалық айлығы

## СЕНБІЛІКТІҢ СЕПТІГІ

Міне, осыдан екі айға жуық бұрын жарияланған тазалық айлығы аяқталуға да таяды. Осы кезеңде аудандағы 11 га аумақты алып жатқан 13 саябақ пен шағын бақтар әртүрлі тұрмыстық қалдықтардан, 63 км автомобиль жолдарының айналасы шашылған шөлмектерден, тұрмыстық заттардан тазартылды. Сонымен қатар, 11 кіші архитектуралық объектілердің пішіні қалыпқа келтірілсе, 21 км өзен, су жағалаулары да сенбіліктің күшімен «көркейді».

Әр сенбілік сайын меншік түріне қарамастан мекемелерден айлық кезінде санитарлық тазартуға қатысты шараларды жүзеге асыруға қызметкерлер жұмылдырылды. 17 техника санитарлық тазартуға ауылдық округтер бойынша іске қосылды.

Абаттандыру ережесін бұзғандары үшін 49 азаматқа ескерту берілсе, 25 ретсіз төгілген қалдықтар үйінділерінен және көшелерден 244 тонна қоқыс шығарылды. Аудан бойынша елді мекендерге 5790 түп ағаш көшеттері отырғызылды.

## КӨКЖӨТЕЛ

**БҰЛ АУА ТАМШЫ ЖОЛЫМЕН БЕРІЛЕТІН ЖІТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. АУРУДЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІСІ ЖӨТЕЛ ҰСТАМАЛАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, (ҰСТАМА СОҢЫНДА ШУЛЫ ДЕМ АЛУ, ЖӨТЕЛДЕН КЕЙІН ҚҰСУ) ОЛ НАУҚАСТЫҢ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ПАЙДА БОЛАДЫ. ЖӨТЕЛ ЖҮРГІЗІЛГЕН СИМПТОМАТИКАЛЫҚ ЕМГЕ ҚАРАМАСТАН СОЗЫЛМАЛЫ, ҮЗДІКСІЗ ҮДЕМЕЛІ БОЛАДЫ.**

Ауру интоксикация құбылыстарысыз және дене қызуының жоғарылауысыз кем дегенде екі апта бойы жалғасады, катаральды және спазмалық кезеңдерде 37-37, 5°С дейін жоғарылауы мүмкін, түнде және таңертең күшейетін ұстама тәрізді жөтелмен (аурудың негізгі белгісі), бет қызаруымен, түтқыр шырышымен немесе жөтел ұстамасының соңында құсу арқылы аяқталатын шулы деммен (репризлермен) байқалады.

Сырқаттанушылықтың маусымдылығы өтпелі (күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы) кезеңдерде тіркелетін жағдайларының жиілігін арттырумен тән.

*Аурудың белгілері:*

- әрдайым дене қызуының жоғарылауы байқалмайды,
- мұрынның бітелуі,
- бас ауруы,
- мазасыздық,
- жағдайдың нашарлауы,
- жөтелден кейін кекіру, құсу
- құрысулар;
- апноэ ұстамалары (тыныс алуының тоқтауы)
- көздің ақ қабығына қан құйылуы,
- мұрыннан қан кету.

Аталған жұқпалы аурудың белгілері пайда болған жағдайда жергілікті емханаға хабарласуларыңызды сұраймыз! Өзін-өзі емдеу асқынуларға алы келеді!

**Ойыл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы**

# БЖЗҚ - 5 СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ

*1. Зейнетақы жүйесінің деңгейлері туралы әңгімелеп берсеңіз, базалық және ортақ зейнетақы дегеніміз не? Олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай?*

Бүгінде Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі үш деңгейден тұрады. Олар:

1) мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық және жасына (еңбек өтіліне) байланысты ортақ зейнетақы;

2) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына негізделген міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесі;

3) ерікті зейнетақы жарналарына негізделген жинақтаушы жүйе.

Алғашқы деңгей бойынша ортақ зейнетақы - ұрпақтар ынтымақтастығына негізделген жүйе. Келешекте ол біртіндеп азайып, 2040 жылдары мүлдем тоқтатылады. Өйткені, ортақ зейнетақыны алу үшін 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтілі кемінде 6 ай болуы керек.

Базалық зейнетақы да ортақ зейнетақы секілді мемлекеттік бюджет есебінен төленеді. Бүгінде базалық зейнетақы барлық зейнеткерге бірдей мөлшерде төленеді. Алайда 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны есептеу тәртібі өзгерді. Бұл ретте оны тағайындауда 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі және зейнетақы жарналарын төлеумен расталатын, 1998 жылдың 1 қаңтарынан кейінгі еңбек өтілі ескерілетін болды.

Екінші деңгей бойынша міндетті зейнетақы жарналары 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілді. Оның көлемі жұмыскердің айлық табысының 10 пайызын құрайды. Бұл жарналарды зейнетақы Қорына жұмыс берушілер аударады. Ал міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген. Оның көлемі жұмыскердің айлық табысының 5 пайызын құрайды. Осы жарналардың есебінен қалыптасқан жинақтар салымшының меншігі болып табылады және мұраға қалдырылады.

2020 жылдан бастап жарналардың жаңа түрі - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу жоспарланған. Бұл жарналардың көлемі жұмыскердің айлық табысының 5 пайызын құрайды.

Үшінші деңгей бойынша ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері және төлеу тәртібі салымшы мен Қордың өзара келісімі бойынша белгіленеді. Бұл жарналар арқылы салымшы өз жинақтарын елеулі түрде көбейте алады. Осылайша Қазақстанда бірегей зейнетақы жүйесі қалыптасқан. Бұл ретте болашақ зейнеткерлерді зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және салымшы арасында оңтайлы үлестірілген.

*2. Менің туған жылым - 1988 жыл. Мен ортақ зейнетақыға үміт арта аламын ба?*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 11 бабына сәйкес 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде алты ай еңбек өтілі бар азаматтардың ортақ зейнетақы алуға құқығы бар. 1998 жылы Сіз 10 жаста болғансыз. Сәйкесінше еңбек өтіліңіз болмағандықтан ортақ зейнетақы ала алмайсыз. Оның орнына базалық және жинақтаушы зейнетақы алатын боласыз. Биыл базалық зейнетақының мөлшері - 25 274 теңге. Бұл ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 пайызына тең. Бүгінде базалық зейнетақы барлық зейнеткерлерге еңбек өтілінің бар-жоғына қарамастан бірдей мөлшерде төленеді. Алайда биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны есептеудің жаңа әдістемесі қолданылады. Бұл ретте базалық зейнетақыны тағайындауда 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтілі және зейнетақы жарналарын төлеумен расталатын, 1998 жылдан кейінгі еңбек өтілі ескеріледі. Соған сәйкес зейнеткердің 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтілі мен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан төмен болған жағдайда, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 пайызын құрайтын болады. 10 жылдан асқан әрбір жыл үшін оның көлемі ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 пайызына ұлғайып отырады. Ал 33 жыл және одан жоғары болғанда базалық зейнетақының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100 пайызына тең болады (биыл оның көлемі - 28 284 теңге) және одан асырылмайды.

2040 жылдары зейнеткерлікке шығатын азаматтар ортақ зейнетақы ала алмайды. Өйткені, оларда 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін еңбек өтілі болмайды. Сондықтан қазіргі жастар үшін Қорға міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты аударып тұру өте маңызды.

Бұл үшін ресми түрде жұмысқа орналасып, еңбек қатынасын заңдастыру қажет. Сөйтіп, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы және толық көлемде аударып отыруын қадағалап отырған жөн. Қордағы зейнетақы жинақтарының қомақты болуы жарналардың көлеміне және жиілігіне тікелей байланысты. Ал жалақысын бейресми түрде «конвертпен» алатындардың болашақта алатын зейнетақысының мөлшері тым аз болуы мүмкін. Өйткені, Қорға бірде-бір жарна аудармай зейнеткерлікке шығатын азаматтар тек базалық зейнетақыға ғана үміт арта алады. Сондықтан болашақта лайықты зейнетақы алу үшін осы бастан қамданып, зейнетақы Қорына міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты аударып тұрған абзал.

*3. Ерікті зейнетақы жарналары туралы естідім. Оларды кім төлей алады? Бұл үшін қандай құжаттар керек?*

Салымшылар мен алушылар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарынан басқа ерікті зейнетақы жарналарын да аудара алады. Ерікті зейнетақы жарналары - Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салымшылардың өз бастамасы бойынша салатын ақшасы. Жеке тұлға бұл жарналарды өз табысы есебінен төлейді және өз атына немесе үшінші бір тұлғаның атына аудара алады. Бұл ретте заңды тұлғалар да жеке тұлғалардың, яғни өз жұмыскерлерінің атына ерікті зейнетақы жарналарын аударуға құқылы. Мұны көп жағдайда өздерінің қол астындағы мамандарын еңбекке ынталандыру мақсатында жасайды.

Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі, оларды төлеу, сондай-ақ, зейнетақы төлемдерін жасау тәртібі шарт тараптарының өзара келісімі бойынша белгіленеді. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт БЖЗҚ мен салымшы арасында жазбаша түрде жасалады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді. Шарт жасасу Қорға салымшы (алушы) жеке өзі келгенде жүзеге асырылады. Егер шарт үшінші тұлғаның пайдасына жасалатын болса алушы да Қорға келуі тиіс. Бұл ретте салымшының (алушының) заңды өкілі немесе оның орнына нотариат куәландырған сенімхат негізінде сенім білдірілген тұлға өтініш бере алады. Өз пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын аудару үшін салымшы (алушы) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа) тапсырса, үшінші адамның пайдасына шарт жасау үшін алушы да екеуі жеке басты куәландыратын құжат (түпнұсқа және көшірме) тапсырады. Заңды тұлғалар үшінші адамның пайдасына шарт жасасу үшін тиісті құжаттар топтамасын ұсынады. Кәмелетке толмаған тұлғалар да ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаса алады. Бұл ретте шарта кәмелетке толмаған тұлғаның атынан оның заңды өкілі қол қояды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар:

1) елу жасқа толған;

2) мүгедек болып табылатын;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен және кету ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдеріне құқығы туындайды.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

*4. Жұмыс беруші қандай жағдайда міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуге міндетті?*

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жұмыскердің ай сайынғы табысының 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді. Бұл жарналарды жұмыс берушілер еңбек жағдайлары зиянды деп саналатын жұмыстармен айналысатын жұмыскерлерінің пайдасына өз қаражаты есебінен төлейді.

Еңбек жағдайлары зиянды кәсіптер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысымен бекітілген Тізбеде көрсетілген. Егер, еңбек өнімділігі жақсарып, денсаулыққа зиянды жағдайлар жойылатын болса және ол өндірістік нысандарды аттестаттау нәтижесімен расталса, жұмыс берушілер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

Жұмыскер жалақы алғанына қарамастан жұмыс беруші уақтылы ұстап қалмаған (есепке жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агент оларды уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген ресми мөлшерлемесі мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін (Мемлекеттік корпорацияға төлеу күнін қоса алғанда) есепке жазылған өсімпұлмен бірге жұмыскерлердің пайдасына аударуға тиіс.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының толық және уақтылы төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

*5. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы толығырақ әңгімелеп берсеңіз. Бұл жарналар қашан енгізіледі?*

2020 жылдан бастап елімізде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу жоспарланып отыр. Соған сәйкес, барлық отандық жұмыс берушілер еңбек жағдайларына қарамастан өз қаражаты есебінен жұмыскерлерінің пайдасына олардың айлық жалақысының 5 пайызын зейнетақы Қорына аударып отырады.

Ал Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жұмыс берушінің ұсынған тізімі бойынша әрбір жұмыскердің атына шартты зейнетақы шоты ашылады. Ондағы жинақтар жұмыскердің меншігі болып табылмайды және мұраға қалдырылмайды. Шартты зейнетақы шотындағы жинақтар оған өмір бойына ай сайын төленіп отырады. Бұл төлемдер шарттыжинақтаушы жүйедегі жинақталған қаржыны салымшылар арасында қайта бөлу, үлестіру арқылы жүзеге асырылады.

Заң бойынша шартты зейнетақы шоттарындағы жинақтар зейнеткерлікке шыққан жандарға, сондай-ақ, мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға төленеді. Бірақ бұл үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары олардың шартты зейнетақы шотына кемінде 60 ай (5 жыл) тұрақты түрде аударылған болуы керек.

Сәйкесінше алғашқы төлемдер 2025 жылдан бастап жүзеге асырыла бастайды.

# ЕНПФ – ОТВЕТЫ 5 ВОПРОСОВ

*1. Расскажите, пожалуйста, об уровнях пенсионной системы, что такое базовая и солидарная пенсия, чем они отличаются друг от друга?*

В стране действует трехуровневая пенсионная система. К первому уровню относятся солидарная и базовая части пенсии. Государство выплачивает солидарную пенсию тем, кто имеет трудовой стаж до 1998 года. Базовая пенсия также выплачивается из бюджета и ее пока получают все пенсионеры в одинаковом объеме - порядка 50% от прожиточного минимума. Однако с 1 июля 2018 года изменен порядок назначения базовой пенсии, ее размер зависет от трудового стажа и стажа участия в накопительной пенсионной системе. Также государство обеспечивает гарантию сохранности пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных взносов в ЕНПФ.

Второй уровень – это накопительная пенсионная система, работающая с 1998 года. Она состоит из 10%-ных обязательных пенсионных взносов от доходов работника, которые накапливаются на индивидуальном счете, 5%-ных обязательных профессиональных пенсионных взносов за счет средств работодателя в пользу работников, занятых на опасных производствах, которые введены с января 2014 года. Эти накопления – собственность вкладчика и могут передаваться по наследству. В скором времени (с 2020 года) в накопительный уровень добавятся 5%-ные обязательные пенсионные взносы работодателя, которые будут уплачиваться за всех работников, независимо от условий труда. Этот компонент будет называться условно-накопительным, поскольку не будет являться собственностью вкладчика и, соотвестсвенно, наследоваться.

Третий уровень – это добровольные пенсионные взносы, осуществляя которые вкладчик может существенно увеличить пенсионный капитал.

Таким образом сегодня мы имеем своеобразную, можно сказать, уникальную дифференцированную пенсионную систему, основанную на оптимальном разделении ответственности за пенсионное обеспечение между государством, работодателем и самим работником.

*2. Я родился в 1988 году. Могу ли я рассчитывать на солидарную часть пенсии?*

Согласно статье 11 Закона «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», право на солидарную часть пенсии имеют граждане при наличии у них трудового стажа не менее шести месяцев по состоянию на 1 января 1998 года. Поскольку Вам было всего 10 лет и у Вас этого стажа нет, Вы не сможете рассчитывать на солидарную часть пенсии. Вы будете получать базовую и накопительную пенсию. Если сейчас размер базовой пенсии у всех единый, не зависит от трудового стажа и составляет 54% от прожиточного минимума, то с 1 июля 2018 года повышение пенсии будет происходить за счет добавления процентов к базовой пенсии. 54% от прожиточного минимума будут получать те, чей трудовой стаж составляет менее 10 лет. За каждый год свыше 10 лет стажа будет добавляться по 2%. Если же стаж 33 года и более, размер базовой пенсии будет равен прожиточному минимуму (28 284 тенге в 2018 г.).

В 2040-х годах на заслуженный отдых начнут выходить казахстанцы, которые, как Вы, не имеют трудового стажа и, соответственно, уже не будут получать пенсионные выплаты по солидарной системе. Поэтому для людей Вашего поколения и всех последующих поколений особую важность приобретает участие в накопительной пенсионной системе. Необходимо четко понимать, что для того, чтобы накопить достаточную сумму пенсионных накоплений, необходимо официально работать, следить, делает ли работодатель отчисления на ваш пенсионный счет. Те, кто работает, не оформив свои взаимоотношения с работодателем, получают деньги в «конвертах», ставят под угрозу свое будущее. Во-первых, когда заключается трудовой контракт - это гарантия стабильной заработной платы, соблюдение условий труда, уплата пенсионных и социальных отчислений. Во-вторых, подтверждение трудового стажа и подтверждение квалификации работников. В случае, если отчисления не производятся, то у этого человека, когда настанет пенсионный возраст, просто не окажется пенсионных накоплений и он останется ни с чем. Ведь сумма пенсионных накоплений зависит не только от суммы вкладов, но и от их частоты и регулярности. Таким образом будет реализован справедливый принцип: сколько заработал и накопил в течение всей трудовой жизни, столько и будешь получать на пенсии.

*3. Слышал про добровольные пенсионные взносы. Можете рассказать подробней, кто может их осуществлять? Какие для этого нужны документы?*

Помимо обязательных пенсионных взносов вкладчик (получатель) имеет право перечислять в ЕНПФ добровольные пенсионные взносы (ДПВ). ДПВ – это деньги, которые вкладчик вносит по своей инициативе в ЕНПФ в пользу получателя пенсионных выплат. Физическими лицами взносы могут осуществляться как в свою пользу, так и в пользу третьих лиц, а юридическими лицами в пользу третьих лиц, т.е. агентами в пользу своих работников. Ставка ДПВ, порядок уплаты и последующей выплаты пенсионных накоплений, сформированных за счет ДПВ, устанавливаются по соглашению сторон договора о пенсионном обеспечении за счет ДПВ (далее – Договор). Договор заключается между ЕНПФ и вкладчиком и (или) получателем в письменной форме и вступает в силу со дня его подписания. Заключение Договора осуществляется при личном обращении в ЕНПФ вкладчика (получателя), вкладчика и получателя (при заключении договора о пенсионном обеспечении в пользу третьего лица), или законного представителя, или доверенного лица на основании нотариально удостоверенной доверенности.

Для заключения договора о пенсионном обеспечении за счет ДПВ в свою пользу вкладчику необходимо представить документ, удостоверяющий личность (копию и оригинал для обозрения). Для заключения договора в пользу третьего лица вкладчик, являющийся физическим лицом, и получатель представляют документы, удостоверяющие личность обоих (копия и оригинал для обозрения). Для заключения договора в пользу третьего лица вкладчик, являющийся юридическим лицом, представляет пакет документов.

Договор о пенсионном обеспечении за счет ДПВ также могут заключать несовершеннолетние граждане. В этом случае законный представитель, действующий от имени несовершеннолетнего лица, подписывает договор.

Право на выплаты пенсионных накоплений за счет ДПВ:

согласно пункту 1 статьи 33 Закона право на пенсионные выплаты из единого накопительного пенсионного фонда за счет добровольных пенсионных взносов возникает у следующих лиц, имеющих пенсионные накопления в едином накопительном пенсионном фонде:

1) достигших пятидесятилетнего возраста;

2) являющихся инвалидами;

3) выезжающих или выехавших на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан иностранцев и лиц без гражданства, представивших документы, определенные законодательством Республики Казахстан, подтверждающие намерение или факт выезда.

А также согласно пункту 2 вышеупомянутой статьи в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления в едином накопительном пенсионном фонде за счет добровольных пенсионных взносов, они наследуются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

*4. В каких случаях работодатель должен платить обязательные профессиональные взносы работникам?*

В соответствии с Законом «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» обязательные профессиональные пенсионные взносы (ОППВ) устанавливаются в размере 5% от ежемесячного дохода работника. Начисления ОППВ осуществляются работодателями за счет собственных средств в пользу сотрудников, занятых на работах с вредными (особо вредными) условиями труда, профессии которых предусмотрены перечнем производств, работ, профессий работников, утвержденным постановлением Правительства РК от 31 декабря 2013 года № 1562. В случае исключения из перечня вредных (особо вредных) условий труда, подтвержденных результатами аттестации производственных объектов, уплата обязательных профессиональных пенсионных взносов работодателями не осуществляется.

Своевременно не перечисленные работодателем суммы ОППВ при условии фактической выплаты заработной платы взыскиваются органами государственных доходов или подлежат перечислению работодателем в пользу работников с начисленной пеней в размере 1,25-кратной официальной ставки рефинансирования, установленной уполномоченным органом, на каждый день просрочки (включая день оплаты в Государственную корпорацию). Контроль за полным и своевременным осуществлением уплаты ОППВ осуществляется органами государственных доходов в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Таким образом, работодатель должен начислять ОППВ за работников и перечислять в ЕНПФ, с момента внесения изменения в пенсионное законодательство, т.е. с 1 января 2014 года. При этом обращаем внимание, что перечисленные ОППВ в пользу работника могут быть зачислены на его индивидуальный пенсионный счет в ЕНПФ при условии, что работником заключен договор открытия ИПС за счет ОППВ.

*5. Расскажите подробней об обязательных пенсионных взносах работодателя, когда они будут введены и в чем их особенность?*

С 1 января 2020 года вносятся изменения в действующую накопительную пенсионную систему – вводится условно-накопительный компонент или обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПВР).

Для этого в ЕНПФ будут открыты условные пенсионные счета на каждого работника, на которые работодатель за счет собственных средств будет перечислять ОПВР в размере 5 % от ежемесячного дохода работника. Главным преимуществом новых ОПВР является то, что пенсионер, за которого работодатель осуществлял эти взносы, будет получать пенсию из этого компонента пожизненно, даже если средства на его условном пенсионном счете будут исчерпаны (при условии перечисления ОПВР в совокупности не менее 60 календарных месяцев). Другими словами, взносы в условно-накопительную систему будут вноситься с 2020 года, но первые выплаты будут осуществляться с 2025 года при условии регулярности взносов.

Важно отметить, что эти выплаты будут осуществляться пожизненно, вне зависимости от того, сколько лет человек после выхода на пенсию проживет – 10 лет или 40.

Пенсии за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР) будут ежегодно индексироваться в зависимости от финансовых показателей системы и результатов инвестиционной деятельности ЕНПФ.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1740 дана. Тапсырыс №587
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# «МАМАНДЫҚ - ӨМІР ТАҢДАУЫ»

2019-2020 жаңа оқу жылына 9 және 11 кластан кейінгі талапкерлерді оқуға шақыру, яғни жаңадан ашылатын мамандықтарға кәсіби бағдар беру және Жастар жылы аясында аудан жастарын белсенділікке жұмылдыру мақсатында мамыр айының 21-22 жұлдызында Ойыл аграрлық колледжінде «Мамандық - өмір таңдауы» атты ашық есік күні және XX жазғы спартакиадасы кең көлемде ұйымдастырылып, өткізілді. Аталған шараға Ойыл ауданының әкімі Дастан Сағыров пен аудандағы бірқатар мекеме басшылары және әлеуметтік серіктестер, колледж түлектері шақырылды. Сонымен қатар, ауданның 15 мектебінен келген 9-11 класс оқушылары мен мектептердің жас мамандары қатысты.

Ойыл аграрлық колледжінің білім мен тәрбие беру саласында алар орнының ерекшелігі мен облыс деңгейінде материалдық-техникалық базасымен алдыңғы қатарда орын алатын білім ордасы екенін айтып сөз алған аудан әкімі Дастан Жарылғасынұлы аудан орталығында орналасқан колледжге мектеп бітіруші талапкерлерді оқуға түсуге шақырды. Осы орайда колледждің алдыңғы қатардан көрініп, саналы, тәрбиелі, білікті маман дайындауда өз үлестерін қосып, қоғамдық шараларда белсенділік танытып жүрген колледж жас мамандарын марапаттады.



Колледж директоры Серик Займолдин келер оқу жылында болатын жаңалықтар мен жұмыс жоспарын айта отырып, колледж тынысын қонақтар мен жарысқа қатысушы жастарға кеңінен түсіндіріп, баяндама жасады. Сонымен бірге, алдағы жылы ашылғалы отырған мамандықтарға байланысты әлеуметтік серіктестермен келісім-шарт жасалып, меморандумға қол қойылды. Ашық есік күні барысында колледждің материалдық-техникалық базасына келген қонақтар мен мектеп оқушыларына экскурсия жасалып, «Ветеринария», «Ауыл шаруашылығын механикаландыру», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтарына өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылар шеберлік сабақтарын өткізді.

Екі күнге созылған жазғы спартакиада өте жоғары деңгейде өтіп, қатысушы жас спортшылар мен жас мамандарды аудан әкімінің орынбасары Асқар Қазыбаев колледж әкімшілігі атынан жүлделі орындармен марапаттап, бағалы сыйлықтарды табыстады.

**Айдана СӘРКЕНАЕВА,**
**Ойыл аграрлық колледжінің оқытушысы.**

# АРМАНДАСТАР!

Иә...біздің мектеп бітіргенімізге биыл 20 жыл болыпты. Өмір атты сынағы қатты әлемге аттандырған күміс қоңыраудың үнін естімегенімізге 20 жыл өтіпті. Арада сынаптай сырғыған уақыт өткен сайын, мүмкін біздер есейген сайын ба екен өткен күндерге деген сағыныш жүректі сыздата түседі. Алтын ұя мектебімізді бітіре салысымен бір сыныптағы 50 бала елу жаққа қарай бытырай ұштық. Әрқайсымыз өмірден өз орнымызды табамыз деп оқу оқыдық, еңбек еттік, отбасын құрдық, балалы-шағалы болдық. Осындай қым-қуат өмірмен жүргенде бір-бірімізді іздеуге мұршамыз болмады. Бірақ көрген жерде бір-бірімізге деген туыстық сезіміміз суыған емес. Бүгінде барлығымыздың балаларымыз өсіп, орта жасқа жақындағаннан кейін мамыражай өмірге ауыстық. Біздің кластың кешегі жігіттері әке, қыздары ана атанғанымен он бір жыл бойы бірге оқып, бауырдай болып кеткен сыныптастарымызды көрсек, кездесіп балалықтың бал дәурен күндерін еске түсірсек деген құштарлық барлығымызды мазалағаны рас шығар. Тіптен арамызда біріңбірі көрмегелі жиырма жыл болған сыныптастарымыз да бар екен. Ендеше сонааау балалық шақтың құшағында қалып қойған мектептегі күндерімізді еске алайық. Біздің Құрман орта мектебі біз оқыған жылдары облысымыздағы еңсесі биік мектептердің қатарынан болатын. Ауылдың ортасында орналасқан қоңырқай мектеп болса да, бір ауылдың балаларына алтын ұя болған мектептен қанаттанған қаншама ұрпақ қазір еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда, ұрпақ өсіруде. Бірақ не дегенде де бізге сол мектептің ауласында асыр салған кездеріміз ерекше ыстық.

Біздің «тұлғасын арманымызға ұқсататын, үлгісін көңілімізге қыстататын» ең алғашқы ұстазымыз – Замард және Ақзираш апайлар. «Қалдырған ізі мәңгілік, жадымызда тұрар жаңғырып» Ақзираш пен Замард апайлардың бейнесі тек біздің сыныптың оқушыларының ғана емес, сол ауылда мектеп табалдырығын аттаған қаншама ұрпақтың көз алдында қолына қалам ұстатқан алғашқы ұстаздар ретінде қалды. Екі апайымыздың бір тамаша қасиеті әр оқушысының қайда, не істеп жүргенінен хабардар болып отыратын. Ал, біздің нағыз «шыжығымызды» көрген ұстаздарымыз, класс жетекшілеріміз – Нұргүл және Гүлбаршын апайлар. Біз мектеп бітіргенше қысы-жазын 11 «а», 11«б» класының небір мінезді ұлдарымен, қылығынан қырсығы көп қыздарымен өткізген Нұргүл және Гүлбаршын апайлар бізге өмір деген өзенде қайығымыздың ескексіз қалмауын үйретті. Менің есімде Ақзираш апайдың біздің класс оқушыларының 15 жылдық кездесуінде «Мен үшін сендердің қызмет дәрежелерің мәнді емес, мен үшін сендердің мына өмірде адамдық қасиеттеріңді жоғалтпай жүргендерің мәнді» деген бір ауыз сөзі мәңгі қалып қойыпты. Шүкір, білім нәрімен сусындатқан апайларымыз арамызда дін аман. Бізге географияның сырын ұқтырған Базаргүл апай, тарихтан берген Нариман ағай, физрук Ақан ағай, химиядан берген Күлән апай, физика заңдылықтарын терең түсіндірген Әлия апай, алғаш шет тілін ұғындырған Айман апай және мектеп директоры Гүлжамал сияқты ұстаздарымызға алғысымыз шексіз.

«Асау өмір арнасында,
Шалқып сәби сезімменен.
Он жыл мектеп партасында,
Бірге отырдым өзіңменен»,- деген

жолдарға бір-бірімізге деген қимастық сезімдерді сидырған 50 баланың арасында қазір екі құрдасымыз жоқ. Еркінұлы Дәуренбек пен Доғдырбайқызы Ұлжанның арамыздан ерте кеткені өкінішті. Олардың бейнесі біздің мәңгі жадымызда...

Осыдан 20 жыл бұрын мектеп бітіріп кеткен біздің кластастардың арасынан небір өз ісінің маманы болған азаматтар мен азаматшалар шықты. Оның көбісі жер бетіндегі ең ұлық мамандық – ұстаздық жолда жемісті еңбек етіп жүр. Сонымен қоса өз ісінің шеберлері құқық қорғау саласының, сот ісі, мәдениет, мұнай, теміржол, медицина, спорт, энергетика салаларының білікті мамандары бар. Менің қолымнан келгені – еліміздің мәдениеті мен ұлттық театр өнері саласын дамыту қызметі болды. Жеткен жетістігім ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерімін. Қолымнан келгені – мәдениет саласында еңбек ету болғандықтан кластастарыма тарих болсын деген ниетпен осы «Армандастар» деген естелікті өздеріңе арнаймын. Жиырма жылдан кейінгі кездесу...біз үшін мәні мен мағынасы зор кездесу. Енді он жылдан кейінгі 30 жылдық кездесуге де басымыз аман, бауырымыз бүтін қалпымызда аман жетейікші.

Достар, достар кетсек те біз есейіп,
Бар қызығын өмірдің бір кешейік.
Он жыл өтсін, жыл жиырма, жүз жыл өтсін,
Амандықпен әрқашан кездесейік.

**Жандос ЖӘУМІТҰЛЫ.**

# ҚАРАКӨЛДЕН ШЫҚҚАН САТИРИК

2018 оқу жылында облыстық «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтына екі апталық білім көтеру курсына оқуға барғанмын. Жолда ата-анамның үйіне соғып, әкемнің өз мөрі басылған шағын кітапханасынан қолым боста оқуға кітап ала кетуді ұйғардым. Детективті кітаптарды оқуға құмартып жүргендіктен атауы да өзгеше Табыл Құлыяс есімді жазушының «Қара тереңі» атты кітабын ала кеттім.

Жазушының «Қара тереңі» романы қоғамдағы мерез болып қалыптасқан басшылық жүйедегі сорақылықтар және қылмыс атаулының түп-төркіні саясаттың жасырын тасасында өрбитіні, қой терісін жамылған аяр саясаттың бетпердесін шешіп, оқырман қауымға уытты тілімен бейнелеп жеткізген. Екі апталық оқу аясында бізге кураторымыз өздерің оқыған бір кітапты жарнамалауды тапсырды. Мен әрине сол кездегі оқып жүрген кітабым болғандықтан осы кітапқа жарнама жасауды жөн көрдім. Кітап пен авторды таныстыру кезінде өзім үшін ұятқа (кітапханашы болғандықтан) қалдым. Себебі, мен оқып жүрген жазушының өзіміздің жерлесіміз соның ішінде мен туған ауылдан екенін білмеппін. Кітапқа ауызша жарнама жасау барысында бірге оқып жүрген Ойылдың қызы, әріптесім Сара Бермұқашова, «Бұлбұлды мен толықтырайын» - деп Табыл Құлыяс ағамыздың Ойыл ауданы Жетікөл кеншарының Қаракөл елдімекенінде дүниеге келгенін, шығармашылық жұмысын аудандық «Ойыл» газетінен бастап, тілші болғанын, сатирик жазушы екенін тілге тиек етті.

Содан кейін «Ұялған тек тұрмас» - дегендей, Табыл ағамыз туралы мәліметтер мен кітаптарын іздестіре бастадым. Табыл ағамыздың балалық шағы соғыс уақытына тұспа-тұс келген екен. Әке-шешеден ерте қалған ағамыз жетімдіктің зардабын көп көрген. Табыл ағаның екі жасында әкесі Сталиндік репрессияның құрбаны болып, сотталып кеткен. Анасы да әкесінен кейін көп ұзамай өмірден өткен. Әкесімен бірге туған аға-жеңгесінің қолына қарап, ол үйде де қағажу көріп, ішерге тамақ, жатарға орын таппай бейіт басына түнеп, оқушылар тараған соң, ұрланып мектепке түнеген күндерін Табыл ағамыз «Үш күн, үш түн, суық қабір» атты автобиографиялық деректі әңгімесінде жазады. Жетімдіктен көрген тепеpiші бар, колхоздастыру кезеңіндегі шаруашылыққа үлкендердің жетіспеуінен жұмысқа атсалысуы бар, ағамыз мектепті 20 жасқа келгенде бітірген. Ағайынның күншілдігінен репрессия құрбандарының біріне айналған әке мен ағаның тағдыры жанына батқан ағамыз әкесін іздестіру барысында 32-інің зұлматты жылдары мен 37-нің қандауыр саясатын архивтерді жағалай жүріп, айтылмай жүрген небір нәубеттердің бетін ашады. Сықақшы, фельетоншы, жазушы, архив зерттеушісіне айналған ағамыздың қаламынан «Қан жоса ғасыр», «Қан кешу», «Қырғын» романын, деректі хикаяттары қазақ халқының өткен өмірінің өзекті өртейтін, қанқұйлы заманының, сол кездегі ата-бабаларымыздың жанының сірілігін, тебіренбей оқу мүмкін емес. Сонымен қатар, «Имандай ұйытқан құлық», «Құйын ішіндегі жын», «Келдің бе, ажал?», «Иттің де иті бар», «Жебір сиырдың құны», «Жалмауыз», «Миға қойылған бомба» сынды т.б. сатиралық шығармалары қоғамдағы келеңсіз жайттарды, адам мінезіндегі жағымсыз қасиеттерді өз кейіпкерлері арқылы сынап, адамдардың кемшілікті әуелі өз мінінен іздеу керек екенін пайымдайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласындағы «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты бөліміне өз өлкемізден Табыл Құлыяс есімі, оның еңбектері, шығармалары «Жастар жылында» сұранып-ақ тұрғандай.

І.Жансүгіровтің «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алар кемеңгерді? – демекші, ал Қадір Мырза Әлі айтпақшы, «Өлгенін, жерлегенін күтіп жүрмей, талантты құрметтейік тірісінде» - деп, жасы 84 келген, арда туған, арлы ағамыздың өмірі мен еңбектерін, шығармаларын қазіргі жастарға кеңінен таныту қоғамның рухани шырақшысына айналған кітапханашылардың бірден-бір парызы.

**Бұлбұл ҚАЛИЕВА,**
**Көсембай негізгі мектебінің кітапханашысы.**

# «ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жариялайды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы - ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында жыл сайын ұсынылады.

Байқау - әдебиет, ғылым, дизайн және бейнелеу өнері, журналистика, классикалық музыка, қоғамдық қызмет, спорт, театр және кино, эстрада, халық шығармашылығы номинациялары бойынша өтеді.

Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 29 жасқа дейінгі азаматтары сыйлық алуға үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуды мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері жүргізеді.

Барлық жеңімпаздарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «2019 жылғы Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі, және олар дипломмен, төсбелгілермен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Толық ақпаратты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайтынан алуға болады (qogam.-gov.kz).

Естеріңізге сала кетейік, «Дарын» жастар сыйлығы Мемлекет басшысының бастамасымен 1992 жылы тағайындалған болатын. Әр жылдары Бақтияр Артаев, Серік Сәпиев, Илья Ильин, Денис Тен, Димаш Құдайбергенов, Мария Мудряк, «Муз АРТ» тобы, Қалқаман Сарин және басқада азаматтар аталған сыйлықты иеленген болатын.

2017 жылдан бастап «Дарын» сыйлығы жыл сайын табысталады.

Ізденушілердің құжаттарын 2019 жылғы 10 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті келесі мекенжай бойынша: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8, Министрліктер үйі (15-кіреберіс, 549 кабинет), 8/7172/74-05-25, 8/7172/74-18-43 және **premiya.daryn2019-@gmail.com** эл. пошта арқылы қабылдайды.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ КОНКУРСА НА СОИСКАНИЕ ЕЖЕГОДНОЙ ПРЕМИИ «ДАРЫН»

Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан объявляет конкурс на соискание Государственной молодежной премии «Дарын».

Государственная молодежная премия «Дарын» присуждается ежегодно в целях государственной поддержки талантливой молодежи за плодотворную научную, творческую, общественную деятельность, а также за высокие спортивные достижения.

Конкурс пройдет по следующим номинациям: литература, наука, дизайн и изобразительное искусство, журналистика, классическая музыка, общественная деятельность, спорт, театр и кино, эстрада, народное творчество.

На соискание премии претендуют граждане Республики Казахстан в возрасте до 29 лет на момент окончания приема заявок, являющиеся лауреатами международных и республиканских конкурсов, фестивалей и выставок, призерами и победителями спортивных соревнований республиканского и международного уровней, а также кандидаты, деятельность которых является инновационной и способствует развитию соответствующей отрасли и общества в целом.

Представление кандидатур на соискание премии производится государственными органами и общественными объединениями.

Лицам, удостоенным премии, присваивается звание «Лауреат Государственной молодежной премии «Дарын», вручается диплом, нагрудной знак и денежная премия.

Более подробная информация доступна на официальном сайте Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан (qogam.gov.kz).

Напомним, премия «Дарын» была учреждена по инициативе Главы государства в 1992 году. В разные годы обладателями премии становились Бахтияр Артаев, Серик Сапиев, Илья Ильин, Денис Тен, Димаш Кудайбергенов, Мария Мудряк, группа «Муз АРТ», Калкаман Сарин и многие другие.

С 2017 года Государственная молодежная премия «Дарын» присуждается ежегодно.

Документы соискателей принимаются до 10 августа 2019 года Комитетом по делам молодежи и семьи Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан по адресу: г. Нур-Султан, ул. Мәңгілік ел, 8, Дом министерств (15-подъезд, кабинет 549), 8/7172/74-05-25, 8/7172/74-18-43 и по эл. почте **premiya.daryn2019@gmail.com**

# Құттықтау



**Ойыл селосының кішкентай тұрғыны**
**Айдынғалиева Айханым Ақылбекқызын**
**1 жасқа толуымен құттықтаймыз!**

Кішкентай қызымызға өмірдегі бар жақсылықты тілейміз! Әрдайым көз қуанышымыз болып, аман – есен ортамызда жаздай жадырап, гүлдей құлпырып жүре берсін! Ең бастысы, қазақтың қызы деп атқа лайық болсын! Қыран болып самғап, алыстарды көздеп, биіктерді бағындыратын үлкен азамат бол! Өмір жолы сені ешқашан адастырмай, әр басқан қадамыңа Алланың нұры жаусын!

Өмірдің жазынан, күзінен,
Әр батқан кеш сайын, таң сайын,
Шұғыла нұр шашар жүзінен,
Болшы сен ел сыйлар ханшайым.

*Игі тілекпен папа-мамалары Қанат-Ләззат, Талғат-Таня, Әлібек-Шынар, Әлібек-Нейля.*

# «АДАЛ ҰРПАҚ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ»

Өткен аптада аудандық мәдениет үйінде аудандық юілім бөлімінің ұйытқы болуымен «Адал ұрпақ» клубының 2019 оқу жылындағы жұмысын қорытындылау мақсатында «Адал ұрпақ - жарқын болашақ кепілі» атты дөңгелек үстел басындағы кездесу өтті. Кездесуге аудан әкімі Дастан Сағыров қатысып, оқуышалардың сұрақтарына жауап берді. «Адал ұрпақ» клубы туралы қысқаша ақпарат беріп өтсек, жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 2016 жылдың қараша айында құрылды. Клубқа мүшелікке 5 сыныптан бастап қабылданады. Қазіргі таңда клубта аудан бойынша 5-11 сынып оқушыларынан тұратын 1859 мүше бар. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру клубтың басты міндеті. «Әкімге 100 сұрақ» айдарымен сұхбаттасу алаңына айналған кездесу барысында мектеп оқушылары алдымен өз жұмыстары туралы баяндап, аудан басшысына өз сұрақтарын қойды. «Адалдық - азаматтықтың белгісі» атты бейнероликте қоғамның көлеңкелі тұстарын көрсетіп, оқушыларды сол бір дерттен аулақ болуға үндеді.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Білімнің салтанат құруы атты бөлімінде: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген болатын.

Білімді болуды басты құндылық деп түсінген мектеп жастары да осы бағытта үздіксіз еңбек етіп, табыстарға жетуде. Табысың берекелі болу үшін өзіңнің арыңның алдында, ата-анаңның, Отаның алдында адал қызмету парыз. Жас ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түрлі тәрбиелік шараларға бастама болған «Адал ұрпақ» клубы өзінің биылғы жұмысын осылай қорытындылады.

# КӨКШЕТАУ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНА ОҚУҒА ТҮСУ ШАРТТАРЫ

Институтқа күндізгі оқыту түрі бойынша орта білімі бар, он алты жасқа толған, денсаулығы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Оқуға қабылдау ҚР Білім және ғылым министрлігімен өткізілетін ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (КТ) қорытындылары сертификаттарының балдарына сәйкес жүргізіледі.

*АЗАМАТТАРДЫ КҮНДІЗГІ ОҚУ ТҮРІ БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӨРТ КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ:*

· **Бірінші кезеңде** қабылдау комиссиясы талапкерлердің жеке істерімен танысып, содан кейін ҰБТ немесе КТ нәтижесі бойынша іріктеу жүргізеді.

· **Екінші кезеңде** медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша оқуға түсуге денсаулығының жарамдылығын анықтау мақсатында іріктеу жүргізіледі.

· **Үшінші кезеңде** талапкерлер бекітілген Нормативтерге сәйкес дене шынықтыру дайындығы бойынша келесі сынақтар тапсырады: бағанада тартылу, 100 м жүгіру, 3000 м жүгіру.

· **Төртінші кезеңде** қабылдау комиссиясы курсанттар қатарына қабылдайды.

Институтқа оқуға қабылдау медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу қорытындыларын ескере отырып, ҰБТ және КТ қорытындылары бойынша сертификат балдарына сәйкес конкурс бойынша жүргізіледі. Курсанттар қатарына қабылдау сайысын өткізу кезінде басым құқыққа мыналар ие:

1) «**Алтын белгі**» белгісімен марапатталған тұлғалар;
2) Дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар тұлғалар;
3) Жеңімпаздар;

· жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталған);

· республикалық және халықаралық спорттық жарыстардың (1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары;

· ағымдағы жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

ҰБТ немесе КТ сертификаттары балдарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, оқуға қабылдануға басым құқыққа ие:

· жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

· үздік білімі туралы құжаттары (аттестаттары, куәліктері, дипломдары) бар тұлғалар.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде қайтыс болған немесе мүгедектік алған қызметкерлердің балалары оқуға түсетін талаптар бойынша белгіленген шектеу балын алған жағдайда Институтқа сайыстан тыс қабылданады.

Институтқа түсуге ынта білдірген тұлғалар, тұрғылықты мекен-жайы бойынша аумақтық Төтенше жағдайлар департаментінің (Басқарма,Бөлімше) кадр жұмысы бөлімшелеріне өтініш (ерікті түрінде) береді.

*МАМАНДЫҚТАР:*

«5В100100 - Өрт қауіпсздігі»
«5В103100 - Төтенше жағдайларда қорғау»
«5В103200 – Азаматтық қорғаныстың командалық тактикалық күштері»

*ИНСТИТУТТА ОҚУ ШАРТТАРЫ:*

Курсанттар республикалық бюджет есебінен оқытылады. Курсанттар барлық оқу кезеңіне киім-кешекпен, тамақтану және келесі мөлшерде 1-2 курс - **6317** тенге, 3-4 курс -**10954** теңге көлемінде мемлекеттік шәкіртақымен қамтамасыз етіледі.

Бірінші, екінші және үшінші курс курсанттары казармалық жағдайда, төртінші курс – Көкшетау қаласында еркін тұрады. Институттың күндізгі оқу түрінің толық курсын бітірген, 4 жыл оқыған тұлғалардың білім алу уақыты әскери қызметті өтеу уақытына теңеледі.

Институтқа түсуге ынта білдірген тұлғалар, тұрғылықты мекен-жайы бойынша аумақтық Төтенше жағдайлар департаментінің (Басқарма,Бөлімше) кадр жұмысы бөлімшелеріне өтініш (ерікті түрінде) береді.

*Біздің мекен жайымыз: Ойыл селосы, Жолмырзаев көшесі №9 үй. Ойыл ауданының №14 ӨСБ*

---

Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы ұзақ жылдар аурухана мейірбикесі болып қызмет атқарған

**Жүрсін Казмұханованың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына көңіл айтады.

---

Ойыл аграрлық колледжінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы колледжіміздің ардагер ұстазы Займолда Ғазиз Займолдаұлының келіні

**Ботагөздің**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

---

Ойыл аграрлық колледжінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы колледжіміздің қызметкері Жұмағазиев Дәуреннің анасы

**Ботагөздің**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.